

Погасить конфликт — это значит перевести отношения его участников на уровень, взаимоприемлемый для обеих сторон, переключить внимание с аффективно-напряженных отношений в сферу деловых отношений учебной работы.

1. Андреев В.И. Конфликтология. Искусство спора, ведения переговоров, разрешения конфликтов. - М.: Народное образование, 1995. – 128 с.
2. Битянова М.Р. Социальная психология. - М.: Международная педагогическая академия, 1994. – 563 с.
3. Дискуссии. Проблемы конфликтологии. // Социологические исследования. - № 9. - 1993. - М.: Наука. С. 52-57.
4. Петровская Л. А. Гуманистическая ориентация педагогического общения и современная школа. // Инновационное обучение: стратегия и практика. - М.: МГУ, 1994. –С.30-52.
5. . Лобанов А.А. Педагогика общения.- Владимир: Владимирский гос.пед.ун-т. - 1995. – 144 с.
6. Лазуткин А.Д. Конфликтология. - М.: Изд-во Омега-Л, 2010. – 152 с.

\*\*\*

Мақалада қалыпты құбылыс ретінде ЖОО білім беру әлеуетінде пайда болатын объективті және субъективті жағдайларын жиынтығы ретінде шиеленістік педагогикалық жағдай қарастырылады. Шиеленісті басқаруда аффективті-ширыққан қатынастан оқу кезіндегі іскерлік қатынас аймағына ауысу сәтті болады.

\*\*\*

Conflict situations in a teaching process as a complex of objective and subjective conditions that arise in the educational society in the modern university as a commonsocial phenomenon is described. The shift from the affective-tension relations into the field of business relations in academic work as a successful application of conflict management is proposed.

*Н.М. Садыкова,  
Г.Е. Мейрамкулова*

## **ҚАЗАҚ ӘЙЕЛ ТҮЛҒАСЫНЫҢ БАСҚАРУ СТИЛІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазіргі таңда қоғамда қазақ әйелдерін басқару саласында жиі көруге болады. Дамыған мемлекеттерде бұл таң қалдырарлық жағдай емес, норма болып есептеледі десек те қателеспейміз. Біздің мемлекетіміздегі қазіргі нарықтық жағдай әйел затына басқару саласында жақсы мансап құруға кедергі келтірмейді. Дәл осы себептерден қазіргі таңда қазақ әйел тұлғасының психологиялық ерекшеліктері, оның ішінде басқару стиліндегі психологиялық ерекшеліктерін зерттеу үлкен қызығушылық тудырып отыр.

«Қыздың қырық жаны бар» делінгендей, олардың тек қана басқару стиліндегі психологиялық ерекшеліктерін зерттеп қана қоймай, қазақ тарихымыздағы, салт дәстүріміздегі, тұрмыстағы күш-жігерлерін, ақыл-даналықтарын қарастырмай кету мүмкін емес.

Қазақ халқы көшпенді халық болған, әр жаңадан қоныстаған жерлерін өз үйлері ретінде қабылдап, бауыр басулыры әйел затынын еншісінде болған. Көшпенді халықтағы әйел адамына қатысты қандай жағымды және ескірген ойлар мен пікірлер қалыптасқанына келетін болсақ. Ежелгі уақыта, сақтарда, түркітерде, қыпшақтарда, монғолдарда әйел заты танымал деңгейде құрметке ие болған. Мысалы, қазіргі таңда барлығына танымал, массагеттер ханшайымы болған Томирис пен ежелгі түріктердің үй ошағы мен балалар қорғаушысы-әулие Ұмай ана өз әйелдік нәзіктілігімен, даналығымен, ер-жүректіліктерімен және қолбасшылық қасиеттерімен көзге түскен. Ұлы Дала халықтарында ержүректілік пен батырлық рухы әйел адамдарға да берілген: олардың бәрі ерекше ержүрек және шыдамды болған, онымен қоса салт атты керемет игерген. Көшпенді халықтардың әйелдері мен қыздары көп жағдайда ер сауыттарын киіп, соғыс алаңдарында жаулармен шайқасып, ерекше батылдық пен керемет күш

көрсете білген. Ержүрек дала жауынгер қыздары жайлы аңыз-әңгімелер де көп, олар қазіргі уақытқа дейін танымал. Мысалы, Қабанбай батырдың әйелі Гаухар және қызы да батыр болған, Буланбай батырдың әйелі Айбике де батыр болған және т.б. Бұлардың барлығы жонғарларға қарсы ұлы шайқастарда өз ерліктерін көрсеткен. Онымен қоса, қазақ халқының жауынгер қыздары ат салтын керемет игерген. Олардың бірі Кеңесары ханның қарындасы Бопай болған. Көшпенді қазақ халқының кейбір отбасылары қыз баланы ер бала лайықты киіндіріп, үйленгенге дейін ұл ретінде тәрбиелеп, олардың жігіттерге сай нақыштарын қолдап отырған, оларды халықта «еркек шора» деп атаған. Мүмкін осындай тәрбиенің нәтижесінде қазақ халқында мықты жауынгер қыздар көп болғаны [1].

Ешбір қоғам және ешқандай өмір сүру салты шыңайы әйел негізін өзгерте алмаған. Көшпенді мәдениет контекстінде және оның қағысында әйел адам толығымен өз бойндағы қасиеттер мен нышандарын дамытып, қолдана алмаған. Себебі көшпенді әлем - ол ерлік пен күш, және шайқас әлемі болған. Сол себепті әйел нәзіктілігіне, сезімталдығына орын бола бермеген. Біз білетінімізше, әйел заты жанының негізгі қасиеттері – нәзіктілік, рақымдылық, бейбітшілдік сол уақыттың рухымен сәйкестендірілді. Әрине, ақыл-ойы мен психологиялық қасиеттері де сыртта қалып қалған жоқ. Сол кездері бай дүниетанымдық поэзия, импровизациялық өнер, құқықтық шеберлік, діни мәдениеттілік те болған. Көшпенді қоғамда әйел адамы өзін өзі бекіте алмады деп толық сеніммен айтуға болмайды, себебі әйел-ақындарды, әйел-емшілерді, әйел-билерді қазақ тарихы кеңінен таниды. Мысал ретінде, сол кездері Хан уәзірлері шешімдеріне үлкен әсер ететін, өте ақылды және данышпан әйел болған. Ол – Айғаным, Шоқан Уалихановтың анасы. Көшпенді қазақ халқында тіпті сол кездері әйел затының басқару шешімдеріне тікелей болмаса да, жанама түрде қатысып, ой қосуы таң қалдырады [1].

Ерте заманнан бері еңбек бөлінісі болған, бар және болады. Осы кездегі еңбекті бөлу қалай жүзеге асатыны жайлы біраз айтып кетейік. Мысалға, киіз үйді құру мен жинау, аттар мен түйелер ауқатын жинау, ол ауыр және қайталана берілетін жұмысты тек қана әйел заты ғана орындаған. Ер адамдары осы уақытта бос болса да, көмек көрсетпейтін. Көп уақыт пен күшті алатын үй шаруасы әйелдердің иығында болған. Онымен қоса бүкіл отбасының киімін әйелдер жасаған, тігуден бөлек, олар өздері теріні реттеп, одан тоң немесе материал жасай білген. Ер адам тек қана қойды сояды, ал одан кейінгі барлық жеңіл емес шаруаларды әйелдер жасаған. Әйел қолдары қойдың шикі терісінен сым немесе кафтан жасауы керек болған. Ер адамның психологиясы бойынша, осындай жұмысқа тиіп кету «әйел жұмысымен» өзін қорлау деп саналған. Осындай атқарылатын еңбектерден кейін әйел затының құқығын шектеу әділетсіздік деп санауға болады. Мысалы бұл жайында А.Левшиннің еңбектерінде де айтылған: «Қазақ халқының әйел жынысы көптеген себептерден ерлер жынысынан жоғары тұруы керек. Қазақ әйелдері қазақ ерлерін еңбекқорлықта асып түседі. Олар бүкіл үй шаруасын шешеді, малды бағып-қараудың жартысын орындайды, онымен қоса бүкіл отбасыны киім кешекпен қамтамассыздырып, қолөнермен айналасады, күйеулеріне қажетті бүкіл затты реттеуі керек, кей кездері атты да ертоқымдайды. Бүкіл еңбектері үшін олар құлшылықпен мадақталған және күйеулері олар үшін қожайын немесе құдай» [2].

Онымен қоса, бақылаушы этнографтар қазақ әйелдерін көрші елдердің әйелдерімен салыстыра келе, олардың дене бітімдеріндегі айырмашылықтардың бар екендігін айтып кеткен: қазақ әйелдері тамырлы, мықты және ірі конституцияға ие болған. Бұл жердегі айырмашылықтар турандық нәсіл болғандықтан емес, ал қоғамдық қажеттіліктердің әсерінен туындаған табиғи таңдау нәтижесі. Сол себепті де қазақ әйелдері мықты, шыдамды, рақымды және еңбекқор болуы керек, бұл қасиеттер басқару сферасында да басты талаптардың бірі.

Көріп отырғанымыздай, ежелдің өзінде әйел адам қоғамда ерекше орын ала білген, яғни әйел адамның бойында өзіндік ерекше қасиеттер болған, ғасырлар бойы олар өз шыдамдылығымен, ақылдылығымен үйдегі ауа-райың онымен қоса даладағы шайқасты да икемді игеріп, басқару жұмыстарында өз белсеңділіктерін жақсы көрсете білген. Әйел адамының тұлғалық ерекшеліктері сарқылмас күш-қуатпен серіктеседі. Қазіргі таңда, әйел

адамы тек қана үй шаруашылығымен, отбасы тәрбиесімен ғана айналасып қоймай, өз кезегінде жан-жақты салаларда жақсы көрсеткіштерге ие.

Біздің қоғамда әйел адамы енді енді әлеуметтік өмірде өздерін танытып, басқару стилінде өздерін жақсы жақтарынан көрсетіп келеді. Қазақ менталитетіне сай «Үй жұмысы» ережеге сай ақылы жұмыс емес, және ол «шыңайы жұмыс» болып саналмайды. Тек ХХ ғасырдың 70-ші жылдары ғана әлеуметтанушылар оны жұмыс ретінде қабылдай бастады, олардың айтуынша бұл еңбек түрі қоғамдық өндіріс сияқты социумның дұрыс дамуына ықпалын тигізеді. Үй шаруасын әйелдер бос уақыт өткізу деп санамайды, оны олар жұмыс ретінде қабылдайды. Оның жағымды және жағымсыз қырлары дәл ме дәл шыңайы жұмыс терминдеріне ұқсас атауларымен сипатталады: еңбек шарттары, автономдық деңгейі, жұмыс мазмұны сияқты [2].

Егер әйел заты білікті деңгейде үй шаруашылығын басқара алса, онда кез келген жұмысты басқарып, жақсы жетістіктерге жете алады деуге әбден болады. Әйел адамының бизнеспен айналасуы дамыған мемлекеттерде әрттегі жағдай және таң қалдырмайды, онымен қоса бизнеспен айналасатын әйелдер іскерлік қоғамда құрметке ие болып келеді. Әйел адамы нәзік болса да, аса маңызды және жауапты шешім қабылдауларымен, басшылық орындарына сай мінздерін көрсте білген. Қазақ әйелдерінің мансап құру жолдарындағы қазіргі кедергілердің бірі ол ертеден қалыптасқан, әйел заты жайындағы қоғамдық түсініктер және менталитет. Мысалға, әйел адамы жайлы біздің қоғамда келесі түсініктер қалыптасқан – оларды әлсіз жандар деп қабылдайды, әрине оларды тек физикалық күш жағынан салыстырғанда ғана бұл ойды дұрыс деп қабылдауға болады. Ал рухтық күш қатынасына байланысты – олар мықты ішкі жан дүниеге ие деп айтуға болады, себебі қазақ әйелдерінің шыдамдылығы мен батылдықты туралы біраз жоғарыда жазылып кеткен. Әйел басшы үшін рухтың мықты болуы өте маңызды, себебі, ол басқара білуі керек, бағалай, марапаттай және жазалай білуі керек. Ал бұндай қасиеттер мен психологиялық ерекшеліктерді қазақ әйел тұлғасында көруге болады. Әрине психофизиологиялық құрылыстары бойынша көптеген мамандықтар әйел адамдардың қолдарынан жақсы келеді. Біздің қоғам оны қазір аздап түсініп кележатыр деп ойлаймын, себебі шет елде ірі компаниялар мен бизнестің көп түрінде әйел адамдар жақсы жетістіктерге жетіп, өздерін таңыта білген. Онымен қоса, әйел адамдардың саяси ортаға және басқару бизнесінде жұмыс атқаруы күннен күнге арту үстінде, дүние жүзі бойынша мысалы, Венгрияда басқару бизнесінде 16% әйелдер, Великобританияда - 18%, Японияда - 20%, Эстонияда 22 % байқалған [3].

Қазақ әйелдері бойларындағы ерекшеліктерімен өздерін финанстық құрылымда өте сенімді ұстай алады. Ер адамдар оларда ақшаға деген ұқыптылық жоқ деп кінә тақса да, олар өте тыңғылықты түрде ақша санай алады және ұқыпты ұстуды да біледі. Сол себепті, олардың бойындағы қасиеттер мақсатқа ұмытылу және ұқыптылық, онымен қоса жұмысқа деген зейіндерінің жоғары болуы кез келген жұмыста оларды жетістікке жеткізе алады деуге болады [3].

Ойлау иілгіштігі мен тапқырлықтары, бағалау мен анализге деген қабілеттілік, шешім қабылдауға дайындық, коммуникабельділік және әлеуметтік компетенттілік осы қасиеттер бойында бар қазақ әйел тұлғасы мықты басшы бола алады, бұл қасиеттер қазақ әйелінің бойында ежелден келе жатқан қасиеттерінің ішінен орын табуда, бірақ біздің елде бұл қасиеттерді дамытуға менталитет кедергі етеді.

Әйелдерді бизнеспен басқаруда жетістікке жеткізетін ол олардың «керекті» «қалаймынға» ауыстыра білуінде. Олар үшін «қалаймын» ол олардың жан жақты тәуелсіз екендігін және ерікті екендерін білдіреді. Және бұл қасиет олардың қазіргі уақыта аса маңызды емес істерді артынан қалдыруға көмектеседі. Сол себепті олар қызықсыз және қажетті емес істерді тездетіп реттей алады [4].

Қазақ әйелдері мансап құруға өте кеш бел буады. Көбінесе, белгілі бір фирмада он жыл жұмыс жасап, олар бұдан да жоғары орынға ауысуға шешім қабылдайды, сол себепті ертеректе жоспарланып қойылған олардың мансаптарына уақытынан тым кеш қол жеткізіледі. Қазақ әйелдері табиғатынан көбінесе пассивті болып келеді. Өздері қозғалып, бірденені бітіргенше,

барлығы өз жүрген қалпымен жүре берсін дейді. Бұл біздің діни тәрбиемізбен менталитетіміздің шектеулерінің нәтижесі деуге болады.

Бірақта қазіргі уақытта қазақ әйелдері мансапты өзіндік реализация және тұлғалық даму ретінде қабылдайды, сол себепті қазіргі таңда қазақ әйелдерінің басқарушылықта жұмыс атқарулары олардың менің қолымнан ол келеді деген сезімін дамыту үшін және өзін тұлға ретінде қалыптастыру себептерінің салдары. Әйел адамы табиғаты бойынша реттеуге жақын, сол себепті олар екі түсінікті бөліп қарастырады, мысалы, атқарылатын жұмыс пен мансапты. Жұмыс олар үшін «осында және қазір» әдісімен орындалады, ал мансап тек қана жеке басының мақсаты болып келеді, және оның жеткен немесе жетпеген нәтижесін тек қана әйелдің өзі ғана талқылай алады [5].

Бірақта, жақсы отбасылық қызмет пен басқарудағы жұмыстарды бірге алып жүру өте қиын. Кейбір әйелдерде бір уақытта жақсы ана, үй ханшайымы және жақсы жұмыскер болу кезінде ұшырайтын рөлдік конфликт және стресс – бұл таң қалатын жағдай емес. Осыған байланысты, әйел адамының психологиялық саулығына арналған, соңғы зерттеулер нәтижесін жинаған және өндеген Ла Крукс пен Хейнс келесі жағдайды атап өтті: «...алынған мәліметтерге сүйене жұмыс істейтін әйелдердің психологиялық саулығы басқаларға қарағанда бірнеше есе жақсы. Әйел денсаулығына жұмыстың әсер етуінің жағымды эффект деңгейі - ол жұмыс түріне және басқа да шарттарға тәуелді болады. Шарттар біздің өзімізге және әлемге деген қатынасымызға әсер етеді, ал бұл өз кезегінде барлық физиологиялық және психологиялық процесстерге әсер етіп, ағзаны не ауруға шалдықтығып, не керісінше оны болдырмауға ықпалын тигізеді...» [6].

Сол себепті басқару стиліндегі қазақ әйел тұлғасының психологиялық ерекшеліктерін анықтамас бұрын, қазақ әйелінің үй шаруашылығындағы және жұмыстағы сипаттамаларына көшеік. Ол үшін арнайы құрастырылған сұрақтамалар арқылы ақпарат жинадық. Бұл зерттеуге 18 кәсіптік немесе мемлекеттік ұйымдарда басқару жұмысымен және 20 үй шаруашылығымен айналысатын әйелдер қатысты. Жастары 22-25 тен 50-55- ке дейін болды. Кәсіптік және мемлекеттік ұйымдарда басқару шаруашылығымен айналысатын әйелдерді табуда және тест өткізуде көптеген қиындықтар әрине кездесті. Сондықтан да, ол топ саны азырақ болып келеді. Олар мемлекеттік мекемелерде, мектептерде, университеттерде және кәсіптік ұйымдарда ТОО «ДДиТ», Консалтинг және «Прогресс» аудиткомпаниясында, ТОО «DNPP»да жұмыс істейтін азаматшалар, және үй шаруашылығымен айналысатын әпке-аналарымыз.

Жүргізілген сұрақтамалар нәтижесінде, әйелдердің айтуы бойынша олар жұмысқа шығармашылық және инициативтілік қасиеттерін дамыту үшін және таныстар мен туыстардың өздеріне деген құрметтерін иемдену үшін қажет дейді. Олар үшін еңбек ету мотивтері ол сыртқы қоғамдық мойындау және еңбекті өзіндік құндылық ретінде қарастыру.

Әйелдің жұмыстағы статусына оның отбасылық жағдайы әсер етеді, және іс-әрекет мүмкіншіліктерін шектейтін рөлдерді бірге алып жүру талабы жұмыста қозғалуды қиындатады және жұмыс барысында да проблемалар тудырады. Сондықтан профессионалды қиыншылықтар – ол әйелдердің үйде және жұмыста алатын ауыртпалықтарының алдында артқа шегінулері. Осыдан әрине, үнемі нервтік қысым және шаршап шалдығулар, үлгермей қалушылық қорқынышы пайда болады. Әрине осы келтірілген барлық себептерден әйел адамдар өздерін профессионалды сферада толығымен көрсете алмайды.

Қазіргі заманның әйелін сипаттайтын психологиялық қырлардың арасында тең құқықтылықты терең түсінуді және өз қабілеттер мен мүмкіншіліктерді тең мөлшерде бағалауын саналау даму үстүнде. Қазақ әйел тұлғасынан басқару стиліндегі психологиялық ерекшеліктерін анықтау үшін біз оларды үй шаруашылығы мен айналысатын әйелдермен салыстырып, оларды зерттедік. Бұл зерттеу арнайы тақырыпқа байланысты құрылған анкета, ҚҰҚ әдісі бойынша және «Басқару стилдері» тесті арқылы жүргізілді. «Басқару стилдері» тесті бойынша алынған қорытындыларды санды әдістермен талдау нәтижесінде біздің зерттеуімізге сәйкес келетін, екі топтың нәтижелері реттік шкала бойынша берілген және зерттеудің мақсатында екі топтың айырмашылықтары анықталды. Кәсіптік және мемлекеттік

ұйымдарда басқару жұмысымен айналысатын әйелдерді, үй шаруашылығымен айналысатын әйелдермен салыстыра келе біз келесі айырмашылықтарды анықтадық: басқару және үй шаруашылығымен айналысатын әйелдер арасында директивті мен либералды стильдерінің айырмашылықтары бар, онымен қоса басқаруда жүрген әйелдерде бірте мускулиндік мінездемелер пайда бола бастайды, олар үй шаруашылығымен айналысатын әйелдерден, өздерінің шешімді нақты қабылдай алулары мен шыдамды және лидерлік қасиеттерін дамытуларымен ерекшелінеді. Ал үй шаруашылығымен айналысатын әйелдер көбіне либералды стиль мен коллегиялды стильді ұстанады. Ол олардың жұбайсыз шешім қабылдамауларынан, бәрін ақылдасу арқылы шешулерімен, және де қазақ қоғамының менталитетіне сай тәрбиемен байланысты болады. Ол зерттеу бойынша кәсіптік және мемлекеттік ұйымдарда басқару жұмысымен айналысатын әйелдердің айырмашылығы лидерлік, ұйымдастыру және коммуникативті қабілеттерден байқалады. Бұл әдістердің нәтижесі бойынша басшы әйелдерде лидерлік қасиеттер басым болып келеді, ал үй шаруашылығымен айналысатын әйелдерде көбінесе өзімен өзі шешім қабылдау және белсенділіктің төменгі көрсеткіштері жиі көрінеді. ҚҰҚ әдісі бойынша коммуникативті мен ұйымдастыру қабілеттерінен де басшы мен үй шаруашылығымен айналысатын әйелдер арасында айырмашылықтар байқалды. Кәсіптік немесе мемлекеттік ұйымдарда басқару жұмысымен айналысатын әйелдердің коммуникативті және ұйымдастыру қабілеттері басым болып келеді. Себебі егер айтылған қабілеттері болмаса қазіргі нарық экономикасында басшы әйелдер жұмыс істей алмас еді. Анкета және ҚҰҚ әдісі бойынша осы басшы әйелдердегі көрсеткіштерді лидерлік көрсеткіштерге теңедік, себебі лидерлік қасиет теориялық талдау бойынша басшылықтың да, коммуникативті мен ұйымдастыру қабілеттерінің негізінде де мүмкін болады. Онымен қоса, басқару сферасында жүрген әйелдерде лидерлік қасиеттер бірте бірте жетістікке жете келе көрініс табады.

Басқару стилдерін ортақ мәнмен алып салыстырғанда басшы әйелдерде директивті стиль басым болды, ал үй шаруашылығымен айналысатын әйелдерде коллегиялды стиль, яғни мәселелерді ортақтасып және ақылдасып шешу басым болды. Оның себебін басшылықтағы әйелдер тұлғаларына лидерлік мінездеме берумен түсіндіруге болады. Қазақ әйелдерінде лидерлік қасиеттер тарихы жағдайлармен қалыптасқанын жоғарыда атап кеткендей толығымен растауға болады. Ежелден қазақ әйелдері толығымен үй шаруашылығымен айналасып, онымен қоса бала шағаны бағып, және де ерлердің де жұмыстарын атқара білген. Әрине қазақ әйелдерінің ішінде де лидер тұлғалар болған. Біздің қазақ елімізде басшы әйелдердің психологиялық ерешеліктері онша зерттелінбегені байқалады. Коммуникативті мен ұйымдастыру қабілеттері басқа ұлт әйелдерінен ерекшелінеді. Бұл жағдайды психологиялық қазақ әйелінің от басы мәселелерімен байланыстыруға болады.

Егер қазақ әйел-басшы өз бойында нағыз лидерге сай қасиеттерді, яғни, мықты мінезді, кәсіптілік, инициативтілікті, және тәуекелге бел буа алуды дәстүрлі әйел бойында болатын құндылықтармен байланыстырып, бірге ала білсе, онда осындай әйелде идеалды басшы болуға мүмкіншіліктері жетер еді.

Ал қазақ әйелдері жайлы түсініктер сонау көшпенді қазақ заманынан қазіргі заманға дейін басқаша ойлауға итермелейді. Егер қазақ халқының менталитеті болмаса және мұсылмандық тәрбие болмағанда біздің халқымызда үй шаруашылығы мен басшылық жұмыстарды бірге алып жүре алатын көптеген, білікті де мықты басшы әже-аналарымыз болар ма еді. Қорыта келетін болсақ, көріп отырғанымыздай, ежелдің өзінде әйел адам қоғамда ерекше орын ала білген, яғни әйел адамның өзіндік бойында қасиеттер болған, ғасырлар бойы олар өз шыдамдылығымен, ақылдылығымен үйдегі ауа райың онымен қоса даладағы шайқасты да икемді игеріп және басқару жұмыстарында өз белсенділіктерін көрсете білген. Әйел адамының тұлғалық ерекшеліктері сарқылмас күш-қуатпен серіктеседі. Қазіргі таңда, әйел адамы тек қана үй шаруашылығымен, отбасы тәрбиесімен ғана айналасып қоймай, өз кезегінде жан-жақты салаларда жақсы көрсеткіштерге ие болуда.

1. Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 460 б.
2. Адаева Г. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы гендер мәселесі. Философия ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2007. – 129 б.
3. Баймұқанова М.Т. Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс. – Астана: Омега, 2005. – 225 б.
4. Бабаева Л.В., Чирикова А.Е. Женщины в бизнесе. // СОЦИС. - 1996. - № 3. - С. 67-69.
5. Женщины-управляющие в разных странах. // Женщина и бизнес. - 1993. - С. 264-266.
6. Сафонова М.В. Социально-психологические особенности женщин, успешных в карьере. Автореф. дис. ...канд. психол.н. - СПб., 1999. – 32 с.

\*\*\*

В статье рассматриваются психологические особенности личности женщин-казашек в контексте стиля управления сравнительно с казашками-домохозяйками.

\*\*\*

The psychological individual characteristics of the Kazakh women in the context of style of management in comparison with household women is presented.

*Б.Д. Байтукбаева*

### **МЕТОДЫ И МЕТОДИКИ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТЫ ПО ИЗУЧЕНИЮ ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЕЙ ЭТНОЦЕНТРИЗМА У ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ЮНОШЕСТВА**

В настоящее время этническое возрождение рассматривается как одна из основных черт развития человечества во второй половине двадцатого века. Многие этнопсихологические проблемы обусловлены этноцентризмом. Одна из проблем общения представителей различных этнических общностей состоит в том, что они не понимают причин поведения друг друга, склонны воспринимать и оценивать явления окружающей действительности с позиции «своей» этнической общности, рассматриваемой в качестве эталона. Этноцентризм - часть, сторона, состояние национального, этнического сознания и самосознания, сущностью которого является преувеличение значимости собственного этноса в истории человечества, его достоинств, ценностей, его культуры. Этноцентризм не выступает непосредственным мотивом действий человека или группы людей. Однако он является психологической предпосылкой формирования идеологии и политической доктрины национализма, который, в свою очередь, выступает мощным конфликтогенным фактором и используется как один из важнейших инструментов в политической борьбе, где юноши могут являться наиболее сензитивной возрастной группой в отношении широкомасштабных исторических и государственных перемен, всегда с готовностью поддерживая доктрины, предполагающие полное погружение в сплошную идентичность [1].

Для проведения исследования этноцентризма в юношеском возрасте из генеральной совокупности студентов юношеского возраста было отобрано 200 студентов в возрасте от 17 до 22 года, которые составили экспериментальную группу. Контрольную группу составили представители взрослого населения нашей страны.

Формирование выборочной совокупности осуществлялось с позиций максимального охвата представителей юношеского возраста и взрослой аудитории. Выбирались как крупные государственные вузы, так и негосударственные, как крупные государственные, муниципальные учреждения, так и крупные и мелкие коммерческие, с целью включения в исследование лиц различной интеллектуальной и социальной представленности.

Наше исследование предполагало сравнение показателей этноцентризма у данных возрастных групп, а также изучение индивидуально-личностных факторов этноцентризма в данном сравнительном анализе. Выбор методик психологической диагностики обусловлен особенностями научных представлений о феномене этноцентризма личности.